

2011 жылы шақыру учаскесінде есепке тіркеуді ұйымдастыру туралы

Қарағанды облысы Теміртау қаласының әкімінің 2010 жылғы 24 қарашадағы N 3 шешімі. Қарағанды облысы Теміртау қаласы Әділет басқармасында 2010 жылғы 20 желтоқсанда N 8-3-110 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабы 1 тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17 бабының 3 тармағына сәйкес **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. 2011 жылы он жетіге толатын еркек жынысты азаматтарды есепке тіркеу кезеңінде "Теміртау қаласының қорғаныс істер жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесінде шақыру учаскесі ұйымдастырылсын.

2. Ақтау кентінің әкімі, меншік түріне және бағыныштылығына байланыссыз Теміртау қаласының және Ақтау кентінің кәсіпорындары, мекемелері, ұйымдары және оқу орындарының басшылары "Теміртау қаласының қорғаныс істер жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесіне 1994 жылы туған, шақыру учаскесінде есепке тіркеуге жататын жасөспірімдердің тізімін белгіленген үлгіде ұсынсын.

3. Есепке тіркеу комиссиясы құрылсын.

4. Есепке тіркеу комиссиясының жеке құрамын және оның жұмыс тәртібін Теміртау қаласы әкімдігінің бекітуіне ұсынсын.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Юрий Викторович Жулинге жүктелсін.

6. Осы шешім оны ресми жариялағаннан соң он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді.

Әкім

Н. Сұлтанов

КЕЛІСІЛДІ

"Теміртау қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі бастығы
М . Б е к б о л а т о в

22 қараша 2010 ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК